# Үй тапсырмасы

## Жедел жауап

Сиқырлы ұяшықтар

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 |

# Қарауыл деген не?

# Гарнизондық қарауылдың тағайындалуы?

# Ішкі қарауылдың тағайындалуы?

# Қарауылдың құрамы?

# Сақшы дегеніміз кім?

# Пост дегеніміз не?

# Рота бойынша тэуліктік кезекші кімдерден тағайындалды?

# Сап дегеніміз не?

# Рота бойынша тәуліктік кезекші кімге бағынады?

# Калашников автоматын пайдалануы

# Әскери қызмет  түрлері?

# Тәуліктік нарядтың құрамы?

# Қорытынды

**Қарауылдық қызметті атқару үшін қарауылдар тағайындалады.**

**Жауынгерлік туларды, әскери және мемлекеттік обьектілерді күзету мен қорғау жөніндегі жауынгерлік міндеттерді орындау үшін, сондай-ақ гауптвахтада және тәртіптік батальонда ұсталатын адамдарды күзету үшін тағайындалған қаруланған бөлімше *қарауыл* деп аталады.**



Гарнизондық қарауыл жалпы гарнизондық маңызы бар обьектілерді, құрамалар обьектілерін немесе бір-біріне жақын орналасқан бірнеше әскери бөлімдердің обьектілерін күзету үшін, сондай-ақ гарнизондық гауптвахтада ұсталып отырған адамдарды күзету үшін тағайындалады.

Ішкі (кемелік) қарауыл бір әскери бөлімнің (кеменің) обьектілерін күзету мен қорғау үшін тағайындалады.
Қарауыл құрамына: қарауыл бастығы, постылар мен ауысым саны бойынша қарауылдар, жұмысқа таратушылар, қарауыл иттерінің қызметі жөніндегі қарауыл бастығының көмекшісі және көлік құралдарының жүргізушілері тағайындалады.




**Сақшы дегеніміз** - өзіне тапсырылған постаны күзету және қорғау жөніндегі жауынгерлік тапсырманы орындайтын қаруланған қарауыл.

**Сақшының өз міндеттерін орындайтын белгілі бір орын не участке пост деп аталады.**

3.12.08ж

# Сабақтың тақырыбы:

# Сақшының міндеттері

# Мақсаты:

- ***1 Сақшының міндеттері мен таныстыра отырып, оларды қолдана білу.***
- ***2 Жауапкершілік сізімін дамыту, әскери білім дағдыларын жетілдіру***
- ***3 Тәртіптілік пен ұқыптылыққа баулу, өзін және өзгелерді қорғай білуге үйрету.***

# Талдау, ой қозғау

*Сақшы туралы не айтасындар?*

**Миға шабуыл**

**Бейне материал бойынша оқушылардың сөйлеуі.**

# Мига шабуыл

## Сақшы қол сұғылмайтын тұлга болып табылады. Сақшыға қол сұғылмайтындығы:

-- оның құқығы мен жеке басының қадір қасиеттері заңмен айрықша корғалытындығы

-- оның қатаң айқындалған адамдарға – қараул бастығына, қараул бастығының көмекшісіне және өзінің жұмысқа таратушысына бағынатындығы

-- барлық адамдардың сақшы қызметімен айқындалған талаптарын сөзсіз орындауға міндеттілігі

-- осы жарғыда көрсетілген жағдайларда оған қару құқығы берілетіндігі болып табылады

# Сақшы:

өзінің постың қырағы күзетуге және табанды қорғауға

- қызметің сергек атқаруғы, ешқайда аландамауға, каруың қолдан шығармауға және оны өзі бағынатын адамдарды қоса алғанда ешкімге бермеуге

- көрсеттелген бағыт боыйнша жүре отырып немесе бақылау мұнарасында болған кезде, постың іргелерін, қоршауларын мұқиат карауға және қызмет өткеруінің барысы жайлы пост табілінде бекетілген мерзімде байланыс куралдары аркылы баяндап отыруға

-постан айысқанға немесе алынғанға дейін, тіпті өзінің өміріне қауіп төнген жағдайда да посты тастамауға; оны өз бетімен қалдырып кету әскери қылмыс болып табылады

- постыда ереже бойынша оқталған қаруы болуы және әрдайым әрекеттке дайын болуға

-Постыларға табельде көрсетілген және тыйым салынған шекара көрсеткеші тұрған жерге жақын қашықтыққа қараул бастығы,қараул бастығының көмекшісі,өзінің жұмысқа таратушысы мен оларға ілесіп жүретін тұлғалардан басқа ешкімді жібермеуге

- караулдың көлік құралдарының бағдары мен графигін,олардың тану белгілері мен сигналдарын білуге

- обьект қоршауынан ақау тапқанда және өз постынан жақын жерде не көрші постыда тәртіп бұзушылық байқалған кезде қараул бастығын шақыруға

- қараул иттерінің үрісін естеген кезде немесе қорғаудың техникалық құралдары іске қосылғанда бұл туралы қараул үй-жайына дереу хабар беруге міндетті.

**Сақшыға:**

Ұйықтауға,отыруға, әлденеге сүйенуге, жазуға, оқуға, ән салуға, сөйлеуге, тамақ жеуге, ішуге, шылым шегуге, табиғи қажеттіліктерін орындауға, адамдарды қабылдауға, кімге болмасын, қандай да бір заттарды беруге, қажеттіліксіз патрондарды оқшантайға салуга **тиым салынады**




**Постағы сақшының бекітілген сүңгісі бар қаруы (жиналмалы дүмбілі сүңгі-пышақсыз автоматы) болуы керек; белдікке ілінетін қынаптағы сүңгі пышақ: түнгі уақытта-тұрған бойы атуға оңтайлы жағдайда; күндізгі уақытта- “белдікке” немесе тұрған бойы атуға оңтайлы жағдайларда; ішкі посттарда және Жауынгерлік Ту жанындағы постта –ағаш дүмбілі автоматтар – “белдікке” күйінде, жиналмалы дүмбілі автоматтар- “кеудеге”, карабин- аяқта болуы керек; жабдықталған магазиндер (оққалталар) салынған сөмкелердің аузы жабық болуы тиіс.**

# Жаңа тақырыпты бекіту

## Тренинг әдісі

1. Сақшы деген кім?

2. Сақшының тиым салынатындығы .

# Келісім шарт

1. Бір-бірімізді тыңдаймыз.
2. Сабақта белсенділік танытамыз.
3. Ойымызды ашық айтамыз.
4. Уақытты үнемдейміз.

# Практикалық кезең

**Бейне материал бойынша оқушылардың сөйлеуі.**

**Ситуациялық кезеңдер**

# Практикалық кезең

# Тест сұрақтары

1.Әскери қызметке неше жастан неше жасқа дейін шақырылады?
А)18-25 ә)18-26 б)18-27 в)18-28

2. Қазақстан Респуликасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы бас қолбасшысы кім?
а)Қорғаныс министрі ә)Қазақстан Республикасының маршалы
б)Армия генералы в)Президент

3. РГД -5 гранаттын қиратқыш жарықшақтармен ұшу радиусы
а)25м шамасымен ә)50м шамасымен б)100м шамасымен в)200м шамасымен

4. Ф-1 гранаттын жарақталған массасы.
а)600гр ә)700гр б)800гр в)550гр

5. АКМ автоматтың ұңғы калибрі қанша?
а)6,6 ә)6,62 б)7,6 в)7,62

6. АКМ автоматы жарақталған магазинімен массасы неше кг?
а)3,2 ә)3,4 б)3,6 в)3,8

7. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде неше жарғы бар?
а)2 ә)3 б)4 в)5

8. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қандай жарғы жоқ?
а) тәртіп ә) сыртқы б) ішкі в) саптық

9. Саптық адыммен қозғалыс кезінде аяқтын ұшын жерден не см көтеріліп койылады?
а) 15-20 см ә) 25-30 см
б) 20-25 см в) 30-35 см

10. Ауа-райының температурасы -20С төмен болған жағдайда сақшының тұратын уақыты қанша?
а)1сағ. ә)1сағ30мин б)50мин в)45мин

# Жауабы:

1 - б
2 - в
3 - а
4 - а
5 -в

6 - б
7 - б
8 - ә
9 - а
10-а

# Бағалау рейтингісі:

10-15 ұпай   "3" 15-25 ұпай   "4" 25-тен жоғары "5"

# Үйге тапсырма:

**§5.10**

**251-254 бет**